

## **Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің зияткерлік меншік нарығын қалыптастыру және дамыту туралы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 4 маусымдағы № 324 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің зияткерлік меншік нарығын қалыптастыру және дамыту туралы келісімнің жобасы мақұлданды.

2. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің зияткерлік меншік нарығын қалыптастыру және дамыту туралы келісімге қол қойылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Б. Сағынтаев*

## **Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің зияткерлік меншік нарығын қалыптастыру және дамыту туралы КЕЛІСІМ**

**(2019 жылғы 8 ақпанда күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2019 ж., № 1, 10-құжат)**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің үкіметтері

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына (бұдан әрі–ТМД) қатысушы мемлекеттердің экономикаларының жаһандық бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру маңыздылығын ескере отырып,

осы Келісімге қатысушы мемлекеттерде инновациялық қызметтің тиімділігін арттыру үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында,

зияткерлік меншік объектілерін пайдалану, соның ішінде оларды коммерцияландыру жолымен тиімділігін арттыру бойынша міндеттерді табысты шешу үшін жағдайды қамтамасыз етуді қалай отырып,

осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің зияткерлік меншік нарығының инфрақұрылымын қалыптастыру және дамыту жөніндегі күш-жігерін үйлестіру қажеттілігін сезіне отырып,

осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің халықаралық міндеттемелерін және заңнамаларын басшылыққа ала отырып,

2010 жылғы 19 қарашадағы Зияткерлік меншікті құқықтық күзету мен қорғау саласындағы ынтымақтастық және Зияткерлік меншікті құқықтық күзету мен қорғау

мәселелері жөнінде мемлекетаралық кеңес құру туралы келісімнің және 2016 жылғы 28 қазандағы ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің зияткерлік меншік нарығын қалыптастыру және дамыту тұжырымдамасының ережелеріне негізделі отырып, төмендегілер туралы келісті:

### **1-бап**

Осы Келісімнің мақсаты ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің зияткерлік меншік нарығын қалыптастыруға және дамытуға бағытталған жағдайларды жасау болып табылады.

### **2-бап**

Тараптар осы Келісімді іске асыру мақсатында ұлттық заңнамаларды ескере отырып, мынадай бағыттар бойынша ынтымақтастықты дамытады:

осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің зияткерлік меншік саласындағы заңнамасын зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды күзету, қорғау, коммерцияландыру деңгейін арттыруға, зияткерлік меншік объектілерін пайдалануға қатысты бөлігінде жетілдіру;

қажет болған кезде әлемдік тәжірибені пайдалана отырып, зияткерлік меншік объектілеріне құқықтардың құнын бағалау жүйесін дамыту;

зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды басқару жүйесін жетілдіру;

зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды коммерцияландырудың, зияткерлік меншік объектілерін пайдаланудың құқықтық, қаржылық, ұйымдастырушылық тетіктерінің мемлекетаралық жүйесін құру және осы саладағы ең үздік практикаларды тарату;

кадрлық қамтамасыз ету жүйесін, соның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды күзету және қорғау, инновациялық менеджмент, технологияларды коммерцияландыру, зияткерлік меншікті бағалау бағыттары бойынша қалыптастыру.

Зияткерлік меншік нарығын дамытудың жекелеген аспектілері бойынша осы Келісімді, соның ішінде жекелеген іс-шараларды қаржыландыру мәселелері бойынша іске асыру мақсатында Тараптар қосымша келісімдер жасаса алады.

### **3-бап**

Тараптар, ұлттық басымдықтарды ескере отырып, мыналарды:

осы Келісімге қатысушы мемлекеттер экономикасының әртүрлі секторларында зияткерлік қызмет нәтижелерін пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етуді;

технологияларды беру нарығын дамыту жөніндегі қызметті жандандыруды;

зияткерлік меншік саласында мамандандырылған білім беру бағдарламаларын, соның ішінде ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, дайындауды және іске асыруды;

халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларды, семинарларды, форумдарды және басқаларды, оның ішінде зияткерлік меншік саласындағы бірлескен іс-шараларды ұйымдастыруды және өткізуді қамтитын ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің зияткерлік

меншік нарығын қалыптастыру жөніндегі шаралар әзірлеуді және іске асыруды қамтамасыз етеді.

#### **4-бап**

Тараптар осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес ғылыми, білім беру, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметке қатысушылардың тең құқықты өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді.

#### **5-бап**

Тараптар уәкілетті органдар (министрліктер, ведомстволар, ұйымдар) арқылы осы Келісімнің ережелерін іске асыру бойынша ынтымақтастықты осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

#### **6-бап**

Тараптар зияткерлік меншік нарығына қатысушылардың арасында ашық құқықтық, ғылыми-техникалық, патенттік және өзге де ақпарат алмасуды осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес қамтамасыз етеді.

#### **7-бап**

Осы Келісімнің ережелерін іске асыру бойынша Тараптардың өзара іс-қимылын үйлестіруші Зияткерлік меншікті құқықтық күзету және қорғау мәселелері жөніндегі мемлекетаралық кеңес болып табылады.

#### **8-бап**

Тараптар өткізетін осы Келісімді іске асыру жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің бюджеттерінде мүдделі министрліктер мен ведомстволарға олардың функцияларын қамтамасыз етуге жыл сайын көзделетін қаражат шеңберінде, сондай-ақ бюджеттен тыс, соның ішінде халықаралық ұйымдардың көздері есебінен, осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

#### **9-бап**

Осы Келісім Тараптардың әрқайсысының өз мемлекеті қатысушы болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

#### **10-бап**

Тараптардың келісуі бойынша осы Келісімге тиісті хаттамамен ресімделетін, оның ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер енгізілуі мүмкін.

#### **11-бап**

Осы Келісімді қолдану және түсіндіру кезінде туындайтын Тараптар арасындағы даулы мәселелер мүдделі Тараптардың консультациялары мен келіссөздері арқылы немесе Тараптар келіскен басқа рәсім арқылы шешіледі.

#### **12-бап**

Осы Келісім оған қол қойған Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы үшінші хабарламаны депозитарий алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Осы Келісім мемлекетішілік рәсімдерді кешірек орындаған Тараптар үшін депозитарий тиісті құжаттарды алған күнінен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

### **13-бап**

Осы Келісім күшіне енгеннен кейін кез келген ТМД-ға қатысушы мемлекеттің қосылу туралы құжатты депозитарийге тапсыру жолымен қосылуы үшін ашық.

Қосылушы мемлекет үшін осы Келісім депозитарий қосылу туралы құжатты алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

### **14-бап**

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады. Тараптардың әрқайсысы шыққанға дейін кемінде 6 ай қалғанда өзінің осындай ниеті туралы депозитарийге жазбаша хабарламаны жібере отырып және Келісімнің қолданылу уақытында туындаған міндеттемелерді реттей отырып, осы Келісімнен шығуға құқылы.

2018 жылғы 1 маусымда Душанбе қаласында орыс тілінде бір төлнұсқа данада жасалды. Төлнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады, ол осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке оның қуәландырылған көшірмесін жібереді.

Әзербайжан Республикасының Үкіметі үшін  
Армения Республикасының Үкіметі үшін  
Беларусь Республикасының Үкіметі үшін  
Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін  
Қырғыз Республикасының Үкіметі үшін  
Молдова Республикасының Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының Үкіметі үшін  
Тәжікстан Республикасының Үкіметі үшін  
Түрікменстан Үкіметі үшін  
Өзбекстан Республикасының Үкіметі үшін  
Украина Үкіметі үшін